

1-жаттығу. «Темір жол көлігі туралы» №266 Заңынан алынған үзіндіні журнал лист пен вокзал бастығы арасындағы сұхбатқа айналдырыңдар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдермен тілдік оралымдарды анықтаңдар.

Темір жол вокзалында билет кассалары, күтуге арналған бөлме, санитарлық-тұрмыстық, оның ішінде мүгедектер мен баяу қимылдайтын топтар үшін арнайы жабдықталған орындар, ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсету нысандары, медициналық пункт, қоғамдық тәртіпті сақтау пункті болуға тиіс. Темір жол вокзалында жолаушыларды пойыздардың жөнелтілу және келу уақыттары, жол жүру және багажды та сымалдау құны, шұғыл медициналық көмек, билет және багаж кассаларының жұмыс режимі, халыққа көрсетілетін қызметтер тізбесі туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Платформалар мен перрондарға өту және шығу мүгедектермен халықтың баяу қимылдайтын топтарына қолжетімді болуы (пандустармен, мамандандырылған лифтілермен жабдықталуы) керек. Темір жол вокзалдары халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және техникалық регламенттің талаптарын сақтауға тиіс. Темір жол вокзалдары тасымалдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес пайдаланылуға тиіс. (adilet.zan.kz)

2-жаттығу. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар. Өздеріңді «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметкері деп елестетіңдер. Жолаушылар пойызы 30 минутқа кешігуде, өз әрекеттеріңді көрсетіңдер.

3-жаттығу. Екі тапсырманың бірін орындаңдар. 1. Әртүрлі көліктерді салыстырып, «Қазақстандағы транспорт түрлері» тақырыбында салыстырмалы эссе жазыңдар. Сөз саны – 150–170. 2. Мәтіндегі мәліметтерді сызба, диаграмма, не кесте түрінде жазыңдар. Өздерің білетін мәліметтермен толықтырыңдар.

Теміржол стансасы – теміржол көлігі аял дайтын, жолаушыларға түрлі қызмет көрсететін кәсіпорын. Атап айтсақ: • жүктерді қабылдау; • жүк тиеу-түсіру; • сақтау және жеткізу; • локомотивтер мен вагондар құрастыру; • тасымал процесін басқару. Теміржол стансасы жұмыс сипатына қарай: • тораптық; • аралық; • бөліктік; • сұрыптау; • жүк және жолаушыларға арналған стансалар болып бөлінеді. Қазақстандағы ірі теміржол стансалары – Арыс, Шымкент, Тараз, Шу, Алматы-1, Семей, Защита т.б. («Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)